

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры

Б.Х. Абдикерова

« 02 » _____ 2021 ж.



Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің педагогтері арасында орындаушылық шеберліктері бойынша қашықтан өтетін «ШАБЫТ ШАТТЫҒЫ» атты VI аймақтық байқаудың ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Қашықтан өтетін аймақтық «Шабыт шаттығы» байқауы (бұдан әрі - байқау) «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында өткізіледі.

1.2. Осы ереже балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің педагогтері арасындағы орындаушылық шеберліктері бойынша бақаудың мақсаты мен міндетін, байқауды өткізу тәртібін, жеңімпаздарды бағалау, марапаттау критерилерін белгілейді.

1.3. Байқауды ұйымдастырушылар: Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қарағанды қаласының №1 Балалар музыка мектебі.

1.4. 2021-2022 оқу жылында конкурс қашықтан өткізіледі:

- **2021 жылғы 10 - 20 қараша** аралығында «Жеке орындаушылар» (академиялық, эстрадалық вокал, дәстүрлі ән) номинациясында педагогтердің өтінімдерін, байқау материалдарын қабылдау жүргізіледі. **2021 жылғы 25-30 қарашада** байқауға қатысушыларды тыңдау, қорытынды шығару, марапаттау өтеді;

- **2022 жылғы 1-15 ақпан аралығында** «Ансамблдер» (аспаптық, вокалдық) номинациясында педагогтердің өтінімдерін, байқау материалдарын қабылдау жүргізіледі, **2022 жылғы 21-28 ақпанда** байқауға қатысушыларды тыңдау, қорытынды шығару, марапаттау өтеді.

- **2022 жылғы 10 - 20 сәуір аралығында** «Жеке орындаушылар» аспапта орындау (фортепиано, гитара, қазақ халық, орыс халық аспаптары, үрмелі, ішекті, соқпалы аспаптар және т.б.) номинациясында педагогтердің өтінімдерін, байқау материалдарын қабылдау жүргізіледі, **2022 жылғы 25-30 сәуірде** байқауға қатысушыларды тыңдау, қорытынды шығару, марапаттау өтеді.

2. Қашықтан өтетін байқаудың мақсаты мен міндеті

2.1. Мақсаты: балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагог-музыканттарының кәсіби әлеуетін қолдау, педагогтің оң имиджін қалыптастыру.

2.2. Міндеті:

- өнер мектептері мен балалар музыка мектептеріндегі педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және іс-қызметін ынталандыру.

- өнер мектептері мен балалар музыка мектептері педагогтерінің өзара тәжірибе алмасуы.

3. Қашықтан өтетін байқауға қатысушылар

3.1. Қашықтан өтетін байқауға өнер мектептері мен музыка мектептерінің педагогтері келесі номинациялар бойынша қатысады:

- «Жеке орындаушылар» - жеке орындау (академиялық, эстрадалық вокал, дәстүрлі ән айту); концертмейстерді бағалаумен немесе концертмейстерді бағалаусыз; аспапта орындау (фортепиано, гитара, қазақ халық, орыс халық аспаптары, үрмелі, ішекті және соқпалы аспаптар және т.б.)

- «Ансамблдер» (кіші құрам - дуэттер, трио, квартеттер және т.б. 8 адамға дейін, мұнда концертмейстер - ансамблге қатысушы);

- «Концерттік орындаушы - педагог» (Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестікте, музыкалық комедия академиялық театрында жұмыс істейтін педагогтер үшін)

3.2. «Жеке орындаушылар» номинациясында жас ерекшеліктері: 1-санат - 35 жасқа дейін (қоса алғанда), 2-санат - 35 жастан жоғары.

4. Қашықтан өтетін байқауды ұйымдастыру және өткізу

4.1. Номинациялар бойынша байқау материалдары 1.4-тармақта көрсетілген мерзімде жіберіледі.

4.2. «Шабыт шаттығы» орындаушылық шеберлік байқауына қатысу үшін орындаушылардың өнерін бейнетаспаға жазып алып, <http://www.youtube.com> арнасына шығарылған бейнематериалға сілтемені ұйымдастыру комитетіне ұсыну керек. Бейнематериал сапалы жазылған, кідіріссіз бір роликтен тұруы тиіс. **Әр түрлі шығармалардан «жалғанған» болмауы тиіс!!! Жазба монтаждалған және дыбыс қойылған болмауы тиіс!!!**

4.3. Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер (1-қосымша) мен байқауға қатысу шығармасы бар бейнематериалға сілтемелер shabytkrg2020@mail.ru электрондық мекен-жайына қабылданады.

4.4. Қосымша ақпаратты 8 701 356 26 11, 8 747 773 77 61 телефондары арқылы алуға болады - Бермичева Анастасия Владимировна.

4.5. Байқауға қатысуға өтінімдер (берілген үлгі бойынша) қалалық, аудандық білім бөлімі басшының қолымен бекітілген нұсқасында қабылданады.

5. Байқауға қатысушыларға қойылатын бағдарламалық талаптар

5.1. Қашықтан өтетін байқауға қатысушылар екі түрлі шығарма орындайды. Орындалатын шығарма деңгейі БММ, БӨМ музыкалық-орындаушылық бөлімшесі түлегінің деңгейінен төмен болмауы тиіс.

5.2. Бағдарламаның дыбысталу уақыты - **8 минутқа дейін.**

5.3. Конкурстық бағдарламаны ноталар бойынша орындауға тек концертмейстерге рұқсат етіледі.

5.4. Егер бір шығарма концертмейстердің сүйемелдеуімен орындалса, ал екіншісі – сүйемелдеусіз орындалса, концертмейстер бағаланбайды.

6. Байқауды бағалау критерилері мен өткізу шарттары

6.1. Байқауға қатысушыларды бағалау критерилері:

- орындау шеберлігі мен әртістігі;
- дауыс ырғағының тазалығы мен әуезділігінің сапасы;
- техникалық шеберлігінің деңгейі;
- музыкалық мәтінін білуі;
- сахнаға бейімділігін көрсете білуі;
- өнер көрсетудің эмоциялығы мен мәнерлілігі;

- образдық мазмұн мен музыкалық форманың бірлігі;
- көркем бейнеліктің тұтастығы;
- сахна мәдениеті (конкурса қатысушының сырт келбеті, сахнада өзін-өзі ұстай білуі);
- репертуарды таңдау бірегейлігі.

6.2. Қашықтан өтетін байқауды өткізу шарттары

- Әділқазылар қатысушылардың өнерін 10 ұпайлық жүйемен бағалайды.
- Қашықтан өтетін байқау қорытындысы ҚО ББД ОӘО – umckrg.gov.kz сайтына жарияланады.
- Байқаудың қорытындысы соңғы болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

7. Қорытынды шығару және марапаттау

7.1. Қашықтан өтетін байқауды құрамына Қазақстан Республикасының жетекші мәдениет және өнер қайраткерлері кіретін кәсіби қазылар алқасы бағалайды.

7.2. Әр номинация бойынша және жас ерешеліктеріне сәйкес әр топтан қазылар Гран-при және I, II, III дәрежедегі лауреаттарды айқындайды.

№1 қосымша

«ШАБЫТ ШАТТЫҒЫ» байқауына қатысуға ӨТІНІМ ҮЛГІСІ

1. Қатысушының Т.А.Ә. немесе ансамблдің атауы (толық) _____
2. Аймақ, білім беру ұйымы _____
3. Номинациясы (аспап немесе ансамблдің атауы) _____
4. Жас ерекшелігі _____
(35 жасқа дейін, жеке орындаушылар үшін 35 жастан жоғары) _____
5. Концертмейстердің Т.А.Ә. (толық) _____
(«концертмейстерді бағалаумен»; «концертмейстерді бағалаусыз» деп көрсетілуі керек)
6. Орындалатын шығармалар _____
7. Шығарманы жалпы орындау уақыты _____
8. Қатысушының ұялы телефоны және эл.мекенжайы _____

Білім бөлімінің басшысы _____ (Т.А.Ә.)
(қолы)

Күні және жіберуші жақтың мөрі